

## **"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 14 Заңы

**1-бап.** "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат; N 17, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "Статистикалық жұмыстар жоспары", "Статистикалық жұмыстар жоспарын", "Статистикалық жұмыстар жоспарында", "Статистикалық жұмыстар жоспарына" деген сөздер "статистикалық жұмыстар жоспары", "статистикалық жұмыстар жоспарын", "статистикалық жұмыстар жоспарында", "статистикалық жұмыстар жоспарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Ұлттық санақ - белгілі бір уақыт кезеңіндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша зерттелуге жататын барлық жеке және заңды тұлғаларды жалпымемлекеттік статистикалық байқау. Уәкілетті орган статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс жүргізеді";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"статистикалық жұмыстар жоспары - мемлекеттік статистикалық байқаулар мен статистикалық байқауларға байланысты басқа да статистикалық жұмыстарды жүргізудің жылдық жоспары бар құжат";

3) 3-баптың төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық санақты және статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерінің бастапқы статистикалық ақпаратты ұсынуы міндетті болып табылады және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Ғылымның және қоғамдық ұйымдардың мүдделі өкілдері алдын ала талқылағаннан кейін статистикалық жұмыстар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .";

4) 8-баптың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда" деген сөздер "мемлекеттік статистикалық байқауларда қамтылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 ) 1 0 - б а п т а :

бірінші абзацтағы "және Статистикалық жұмыстар жоспарын орындау мақсатында"

деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзацтағы "заңдарда белгіленген реттерде" деген сөздер "статистикалық жұмыстар жоспарын орындау және ұлттық санақ жүргізу мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 11-баптың алтыншы абзацы "сұратылған ақпаратты" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері

Жеке және заңды тұлғаларға бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығына, статистикалық жұмыстар жоспарына қол жеткізуге болатындығына кепілдік беріледі. Бастапқы статистикалық ақпаратты тарату ақпаратты берген жеке және заңды тұлғалардың келісімімен ғана немесе аты-жөні көрсетілмей жүргізілуі мүмкін. Басқа мемлекеттік органдардан алынған жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат ақпаратты ұсынған мемлекеттік органдардың келісімімен ғана таратылуға жатады. Бастапқы статистикалық ақпаратты таратудың өзге де жағдайлары:

мемлекеттік меншік нысанындағы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар туралы ақпаратқа;

Мемлекеттік статистикалық тіркелімнен алынған құпия емес ақпаратқа қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады."

**2-бап.** № Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*